



ҚАЗАҚСТАН АРХЕОЛОГИЯСЫ



**ТАҒЛЫМЫ МОЛ ҰСТАЗ-ҒАЛЫМ –
УАХИТ ХАМЗАҰЛЫ ШӘЛЕКЕНОВ
(1924–2020)**

© 2020 ж. Ералы Шардарбекұлы Ақымбек¹

¹доктор PhD, жетекші ғылыми қызметкер, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты. Алматы қ., Қазақстан. E-mail: eraly_a@mail.ru

Аннотация. 2020 жылдың 18 қараша күні қазақ елі біртуар азаматын – Шәлекенов Уахит Хамзаұлын ақтық сапарға шығарып салды. Уахит Хамзаұлы бар саналы ғұмырын отандық археология мен этнография ғылымының дамуына арнаған ғалым. 1973 ж. өмірінің соңына дейін қызмет еткен әл-Фараби ат. ҚҰУ-де Ақтөбе қалашығында (Жамбыл обл., Шу ауданы) ұзақ жылдар зерттеу жүргізіп, оны студенттер тәжірибеден өтетін базаға айналдыруы болашақ археологтарды дайындаудағы үлкен үлесі және 2014 ж. Ақтөбе қалашығының ЮНЕСКО-ның әлемдік мұра тізіміне енгізілуіне де ықпал етті. У. Х. Шәлекеновтың ғылыми мұрасы құнды еңбектерімен бағаланады.

Түйін сөздер: археология, У. Х. Шәлекенов, этнография, экспедиция, зерттеу, Ақтөбе қаласы, ғылыми мұра

**ШАЛЕКЕНОВ УАХИТ ХАМЗИНОВИЧ –
ПРЕПОДАВАТЕЛЬ-УЧЁНЫЙ
(1924–2020)**

Ералы Шардарбекович Ақымбек¹

¹PhD доктор, ведущий научный сотрудник, Институт археологии им. А.Х. Маргулана, Алматы, Казахстан. E-mail: eraly_a@mail.ru

Аннотация. 18 ноября 2020 г. ушел из жизни Уахит Хамзинович Шалекенов – ученый, посвятивший свою жизнь развитию отечественной археологии и этнографии. Начиная с 1973 г. и до конца жизни он проработал в КазНУ им. аль-Фараби, внес большой вклад в подготовку будущих археологов, превратив городище Актобе (Жамбылская обл., Шуский р-н) в базу полевых стажировок, где он долгие годы проводил исследования. В 2014 г. Уахит Хамзинович поспособствовал включению городища Актобе в Список всемирного наследия ЮНЕСКО. Научное наследие У. Х. Шалекенова очень ценно.

Ключевые слова: археология, У. Х. Шалекенов, этнография, экспедиция, исследования, Актобе, научное наследие

**OUTSTANDING SCIENTIST and GREAT TEACHER –
UAKHIT Kh. SHALEKENOV
(1924–2020)**

Yeraly Sh. Akymbek¹

¹PhD, Leading researcher, A.Kh. Margulan Archeology Institute, Almaty, Kazakhstan. E-mail: eraly_a@mail.ru

Abstract. On November 18, 2020, Uakhit Shalekenov, a scientist who devoted his life to the development of national archaeology and ethnography, passed away. From 1973 until the end of his life, he worked at Al-Farabi KazNU, made a great contribution to the training of future archaeologists, turning the settlement of Aktobe (Jambyl region, Shu district) into

a base of field internships, where he spent many years conducting research. In 2014, Uakhit Shalekenov contributed to the inclusion of the Aktobe settlement in the UNESCO World Heritage List. The scientific heritage of U. Shalekenov is very valuable.

Keywords: archaeology, U. Shalekenov, ethnography, expedition, research, Aktobe, scientific heritage

2020 жылдың 18 қараша күні қазақ елі біртуар азаматын – Ұлы Отан соғысының ардагері, тарих ғылымдарының докторы, профессор Шәлекенов Уахит Хамзаұлын ақтық сапарға шығарып салды.

Уахит Хамзаұлы 1924 жылы 12 мамырда Батыс Қазақстан облысы Орда ауданы Нарынқұмның солтүстігіндегі Ақбөрілі ауылында орта шаруа отбасында дүниеге келген. Әкесі Хамза Шәлекенұлы (1890–1942) мен анасы Хафиза Шәлекенова (1895–1937) екі қыз, бір ұл тәрбиелеп өсірген. Уахит Хамзаұлының Қабира (1918–1989) есімді әпкесі мен На-

бира (1927–1974) есімді қарындасы болған.

1938 жылы Уахит Хамзаұлының жанұясы отбасылық жағдайларға байланысты Қарақалпақстанның Мойнақ ауданының Үрге ауылына көшіп келеді. Осы ауылдағы орта мектептің соңғы сыныбында оқып жүрген Уахит Хамзаұлы 1942 жылы тамызда армия қатарына алынып, 1943 жылдың ақпанына дейін Наманган қаласындағы әскери училищеде оқып майданға аттанады. Ұлы Отан соғысында 53-Дала армиясы, 299-атқыштар дивизиясы, 960-атқыштар полкінде взвод командирі ретінде



У.Х. Шәлекенов ортағасырлық Ақтөбе қаласында. 2015 жс.

U. Shalekenov in the medieval city of Aktobe. 2015.

жауға қарсы соғыста бірқатар қалаларды азат етуге қатысады. Соғыстан ауыр жараланған Уахит Хамзаұлы Фрунзе (қазіргі Бішкек) қаласындағы әскери госпитальда емделіп, Қарақалпақстандағы отбасына оралады. Жергілікті мектепте әскери жаттығудан сабақ береді.

Әскери атағы кіші лейтенанттықтан полковникке дейін көтерілсе де Уахит Хамзаұлы әскери қызметті қаламады. Оның алдында елінің тарихы мен мәдениетін оқып білу және оған тереңірек үнілу мақсаты тұрды. Осы армандарын жүзеге асыру үшін 1944 жылы Қарақалпақстан мемлекеттік педагогикалық институтының Тарих факультетіне оқуға түседі. 1948 жылы оқуды бітіргеннен кейін, екі жылдай облыстық партия комитетінде лектор болып қызмет етеді. Дегенмен, тарихымызға тереңірек еніп, оны зерделеу керектігі оның алға қойған мақсаттарының бірі болып, 1951–1953 жылдар аралығында КСРО Ғылым академиясының Н. Н. Миклухо-Маклай атындағы Этнография институтының аспирантурасында оқиды.

Уахит Хамзаұлы Ұлы Отан соғысынан кейін бар өмірін білім беру мен ғылымға арнайды. Білім беруі мектепте оқушыларға әскери жаттығудан беруден басталып, жоғарғы оқу орында жалғасын тапқан. Ғылыми-педагогикалық қызметі Мәскеуде оқып жүргенде басталады.



У. Х. Шәлекенов әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің Наурыз мейрамында. 2019 ж.

U. Shalekenov at the Nauryz holiday of Al-Farabi Kazakh National University. 2019

Аспирантурада оқып жүріп, өзі тұрып жатқан өңір халықтарының тұрмысы мен мәдениетін зерттеумен айналысып, кандидаттық диссертациясын «Социалистическое преобразование быта каракалпакского колхозного крестьянства» деген тақырыпта алып, оны сәтті қорғап шығады.

1953–1970 жылдары Уахит Хамзаұлы Өзбекстан КСР-і Ғылым академиясының Қарақалпақстан филиалының Археология және этнология секторының меңгерушісі болды. Осы жылдар аралығында У. Шәлекенов академик С. П. Толстов,

профессор Т. А. Жданко басқарған Хорезм кешенді археологиялық және этнографиялық экспедицияларының зерттеу жұмыстарына ұзақ жылдар қатысып, Қарақалпақстан халқының тарихын, олардың тұрмысы мен мәдениетін зерттеуге атсалысады. Хорезм жеріндегі археологиялық ескерткіштердегі қазба жұмыстарына қатысса, этнографиялық мәліметтер жинау жұмыстарына белсене қатысады. Зерттеу жұмыстарының нәтижелерінде Қарақалпақстан тарихы мен мәдениеті бойынша көптеген еңбектер мен ғылыми есептер жазылды.

У. Х. Шәлекеновтың өзі Қарақалпақстанда тұрып жатқан халықтардың этнографиясын зерттеу үшін экспедициялар ұйымдастырып, көптеген материалдар жинайды. Сонымен бірге, сонда тұрып жатқан қазақтардың өмір-тіршілігі туралы да деректерді жинастырған. Жиналған көлемді мәліметтері бойынша 1967 жылы «Казахи низовьев Амурдары (к истории взаимоотношении народов Каракалпакстана в XVII–XX вв.)» деген тақырыпта докторлық диссертациясын қорғайды.

ӨзКСР-і ҒА Қарақалпақстан филиалында қызмет етіп жүріп, доцент (1959 ж.), профессор (1972 ж.) атақтарын да алады. Өзі ұйымдастырған экспедицияларының арқасында жиналған материалдардың негізінде жазылған ғылыми мақалалары әртүрлі жинақтар мен ғылыми-көпшілік басылымдарда және монографиялары сол кездегі беделді баспалардан жарық көрсе, том-том болып жазылған ғылыми есептері сонда, өзі қызмет еткен мекеменің кітапханасында сақтаулы тұр.

Қарақалпақстан жерінде қаншама жылдар беделді қызмет етіп, ғылыми-педагогикалық жолда атақ-

даңқтарға ие болғанымен, Уахит Хамзаұлының көкірегінде туған жерінің, қазақ халқының тарихы мен мәдениетін зерттеу міндеті тұрды. Осы мақсатпен 1970 жылы Шымкент қаласындағы әл-Фараби атындағы Мемлекеттік мәдениет институтына қызметке қабылданады. Мұнда тарих кафедрасының меңгерушісі болып, оқу-тәрбие ісіне белсене араласады.

1973 жылы өмірінің соңына дейін қызмет еткен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне (бұрынғы С. М. Киров атындағы МУ) профессор болып қабылданып, 1974–1988 жылдар аралығында археология және этнография кафедрасының меңгерушісі, 1977–1985 жылдар аралығында тарих факультетінің деканы қызметтерін атқарады.

Уахит Хамзаұлының әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дегі қызметі оқу-білім, шәкірт тәрбиелеу және ғылым салаларынан тұрады. Осы бағыттардың барлығында да өте мықты ұйымдастырушы бола білді. Ұйымдастырушылық қабілетін жай ғана сөзбен айтып жеткізу қиын. 1974 жылы археология және этнография кафедрасының меңгерушісі болып тұрғанда кафедраны оқытушы-профессор құрамымен жасақтап, факультеттегі беделді кафедралардың біріне айналдырады. Келе салысымен, тарих факультетінің 1-курс студенттері археологиялық-этнографиялық тәжірибелерін әртүрлі археологиялық нысандарда өткізіп келсе, сол кездегі университет ректоры, академик Ө. А. Жолдасбеков және факультет деканы, профессор Д. И. Дулатовамен кеңесе отырып, 1974 жылы бірқатар ортағасырлық қалаларды аралап көреді. Солардың ішінен келешегі бар, ғылыми жаңалықтарға толы, алып жатқан көлемі үлкен, көптеген төбелер күйінде үйіліп жатқан Жамбыл облы-

сы Шу ауданы Ақсу ауылы аумағында орналасқан Ақтөбе қаласын таңдап, студенттер тәжірибеден өтетін базаға айналдырады. Артынша осы жерге Уахит Хамзаұлының тікелей араласуымен 100 студентке арналған жатақхана салынады. Бүгінде ғылыми ортада елімізге белгілі тарихшылар, археологтар және этнологтардың көбісі осы Ақтөбе қаласында өткен археологиялық-этнографиялық тәжірибеде алған теориялық білімдерін тәжірибе жүзінде іске асырған. Мұнда бүгінгі күнге дейін студенттер археологиялық-этнологиялық тәжірибеден өтіп келеді.

Бірнеше жылдық археологиялық және этнографиялық зерттеулердің нәтижесінде жинастырылған материалдардың негізінде факультет қабырғасынан екі бірдей музей құруға да мұрындық болған да Уахит Хамзаұлы. Музей факультет, оның ішінде кафедра мүшелерінің жинаған материалдары бойынша бірі археологиялық, бірі этнографиялық болып ашылады. Күні бүгінге дейін кафедра оқытушылары мамандықтар бойынша қаншама студенттерге осы музейлердің ішінде тәжірибелік сабақтарын өткізіп келеді.

Оқу-білім саласында да айтарлықтай еңбектер атқарған. Кафедра меңгерушісі және факультет деканы болып тұрған уақыттарда тарих факультетінде оқитын студенттердің санының айтарлықтай артуына септігін тигізген. Тіпті, университет жаңа ғимаратқа көшкен кезде де Тарих факультетінің қазіргі төртінші қабаттағы оқу корпусын Уахит Хамзаұлы таңдағандығын өз аузынан талай естігенбіз. Тарих факультетіне түскен студенттердің белгілі бір тобын археология және этнография мамандықтары бойынша мамандандыруға да атсалысқан.

Нәтижесінде бүгінде елімізге белгілі археологтар мен этнографтардың бірқатары дәл осы кафедрадан білім алған түлектер.

Студенттерге 1-курста оқытылуы міндетті болып табылатын пән – «Этнография» сабағынан кешегі күнге дейін дәрістік сабағын Уахит Хамзаұлы оқығанын, одан сабақ алған студенттердің барлығы біледі. Арнайы мамандандырылған пәндердің басым бөлігінің дәріс сабақтарын да берген. Археологияға қатысты көптеген пәндерден де лекциялар оқыған. Оның ішінде Қазақстанның ортағасырлық қалалық мәдениетіне қатысты және түріктердің ежелгі және орта ғасырлардағы мәдениеті туралы дәрістерін жоғарғы дәрежеде өткізгендігін шәкірттері үнемі айтып жүреді.

Шәкірт тәрбиелеуде, жалпы студенттерді жақсы маман, тіпті жақсы адам болып қалыптасуына үлкен үлес қосқан ұстаз болғандығында ешқандай күмән жоқ. Өзінің сырт келбетінің, жүріс-тұрысының, сөйлеген сөзінің өзі үлкен мәдениеттілік пен тәрбиенің қайнар көзі еді. Өзінің кейбір әңгімелерінде декан болып тұрғанда факультеттен ешқандай студентті оқудан шығарып жіберген жоқпын деп айтатын. Үлгерімі төмен студенттермен өзі тікелей тәрбие жұмыстарын жүргізіп, қатарынан қалмауларына барынша көмектескенін талай айтқан. Студенттеріне елінің, жерінің тарихы мен мәдениетіне қызығушылықтарын арттырып, оны ары қарай тереңірек зерттеп, зерделуге дейін тәрбие бергендігін бүгінде шәкірттерінен көруге болады.

Уахит Хамзаұлы университет қабырғасында студенттерге білім берумен қатар тарих ғылымдарының бірқатар салаларымен айналысқан ғалым екендігін артында жазып

қалдырған еңбектері дәлелдейді. Тарих ғылымдарының көптеген салаларымен айналысатын ғалымдар бүгінде өте аз. Бірнеше ғылым саласының басын алып жүру өте қажырлы еңбек пен білімділікті қажет етеді. Бірнеше ғылым салаларына деген табандылық пен еңбек қорлықты ғалымның бойынан табуға болады. Қазақ тарихын, қала берді түркі халықтарының тарихымен бірге, қазақ археологиясы мен этнологиясын бірге қатар алып жүрген ғалым болды.

Елге оралғаннан кейінгі алғашқы жылдары еңбектерінің бірқатары Қарақалпақстан, нақтырақ айтсақ Амудария бойында өмір сүріп жатқан қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне, жалпы этнографиясына арналды. Бастапқы жылдары университетте студенттерге оқытылуы міндетті болып табылатын пәндердің бірі «Этнография», кейінгі уақыттары «Этнологиядан» дәріс бергендіктен, зерттеу жұмыстарының біразы тікелей этнология негіздері мен әлем халықтарының этнографиясына арналды. Университетте этнологияға қатысты пәндердің басым бөлігінің әдістемелік әзірлемелерін дайындап, ұсынғанын жазып қалдырған жұмыстарынан көруге болады. Көп жылдық еңбектерінің арқасында, университет қабырғасында этнологтар мен археологтар мектебін қалыптастырғанын кафедрадан білім алған Қазақстанның барлық өлкесінде қызмет атқарып жүрген этнолог және археолог-ғалымдар мойындайды.

Археология саласында атқарған жұмыстары өте үлкен деп айта аламыз. Жоғарыда айтып өткеніміздей, 1974 жылы Уахит Хамзаұлы таңдаған Шу өңіріндегі ортағасырлық Ақтөбе қаласы тек факультеттің

1-курс студенттерінің археологиялық-этнографиялық тәжірибе өтетін орны ғана емес, кафедра оқытушылары мен аспиранттарының ғылыми жұмыстарының негізгі ортасына айналды. Сонымен қатар, болашақ көптеген беделді археолог-ғалымдардың ғылыми жұмыстарының бастауы да болды.

1974 жылдан бастап У. Х. Шәлекеновтың жетекшілігімен Университет археологиялық экспедициясы (УАЭ) бүгінгі күнге дейін осы ортағасырлық Ақтөбе қаласында далалық зерттеу жұмыстарын жүргізіп келді. Экспедицияның көп жылдық зерттеулерінің нәтижесінде Ақтөбе қаласынан көптеген нысандар ашылып, бай деректер қордаланды. Қаланың үш бөліктен: цитадель, шахристан, шаруашылық аймағынан тұратындығы және цитадель мен шахристанға салынған стратиграфиялық кесік қазба нәтижесінде VI ғ. – XIII ғ. басы аралығында өмір сүргендігі анықталады. Сонымен қатар қаланы қоршап жатқан қорғаныс жүйесіндегі бірнеше ұзын қорғандар желісі зерттеледі. Жалпы алғанда қаланың топографиялық құрылымы, қорғаныс және суландыру жүйелері, тұрғын үй мен үй-жай орындары және құрылысы, шаруашылығы мен қолөнері зерттеліп, қала өмірі туралы мәліметтер жиналады. Осы алынған деректердің барлығын Уахит Хамзаұлы жеке және бірлескен авторлықта ғылыми және ғылыми-көпшілік мақалалар мен монографиялар күйінде жарыққа шығарып отырды. Зерттеу жұмыстары бойынша жазылған ғылыми есептер бүгінде том-том болып Археология институтының архивінде сақтаулы тұр.

Ортағасырлық Ақтөбе қаласынан ашылған нысандар мен табыл-

ған материалдардың нәтижесінде қордаланған мәліметтерді саралай келе Уахит Хамзаұлы жазбаша деректерде кездесетін «Баласағұн» қаласымен баламалайды. Ақтөбе қаласының қиранды орны орта ғасырлардағы Баласағұн қаласының қалдығы екендігіне бірнеше ғылыми еңбектерін арнаған. Экспедиция зерттеу жұмыстарын бастағаннан кешегі күнге дейін негізгі еңбектерін ортағасырлық Ақтөбе қаласына, жалпы орта ғасырлардағы қалалық мәдениетке арнап өтті. Тіпті, 2014 жылы Ақтөбе қаласы ЮНЕСКО-ның әлемдік мұра тізіміне енгізілуіне де тікелей себеп болған да Уахит Хамзаұлы еді.

Ақтөбе қаласынан ашылған нысандарды қалпына келтіру жұмыстарына да ғалым тікелей араласты. 2010 жылдардан бері Уахит Хамзаұлының ғылыми жетекшілік етуімен ашылған негізгі нысандарды «Қазқайтақалпына келтіру» мекемесі қалпына келтіру жұмыстарын бастап, бүгінде бірқатар нысандарды қалпына келтірді. Бүгінде олар келер туристердің көрнекті нысандардың біріне айналды.

Уахит Хамзаұлының Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алып, жеке мемлекет болып құрылғаннан кейінгі бірқатар еңбектері қазақ тарихына, оның көптеген ашылмаған қырларына қатысты жазылған. Кеңес Одағы тұсында ұлттық мәселелерді көп қозғауға рұқсат етілмеді, оның үстіне тарихымыздың кейбір тұстары бұрмаланып жазылды. Әсіресе, ұлтымыздың шаруашылығы мен мәдениетіне қатысты дүниелер өз деңгейінде көрініс таба алмады. Дегенмен, тәуелсіздік өз тарихымызға қайта қарап, оның ақтаңдақ беттерін ашуға жол ашты. Содан бері 30 жылға жуық жыл өтсе, осы жыл-

дар аралығында Уахит Хамзаұлы еліміздің тарихына қатысты, оның ішінде тілге, «қазақ» атауының шығу тәркіміне, шаруашылығы мен мәдениетіне байланысты көптеген еңбектерді жазып қалдырды.

Ғалымның көп көтерген мәселелерінің бірі – көшпенділік. Бұл мәселе жөнінде көптеген мақалалары бар. Уахит Хамзаұлының пікірінше, көшпенділік өмір салты емес, шаруашылық. Қазақ халқында отырықшылық мәдениеттің кең етек алғандығын, еліміздің барлық өңірлерінен табылып, анықталып жатқан қоныстар мен қалалардың орнымен түсіндіреді. Жүргізілген археологиялық барлау және қазба жұмыстарынан анықталған қалалық мәдениеттің ғажап құрылыстары мен көркем бұйымдарының барлығы отырықшылық мәдениеттің негізгі дәлелі бола алатындығын ғалым алға таратады.

Түркі халықтарының мәдениетін зерттеу де ғалымның негізгі мәселелерінің біріне айналып, ол жөнінде құнды еңбектер жазып қалдырды. Жалпы, Орталық Азия аумағында өмір сүрген халықтардың тарихы мен мәдениеті жөнінде жазған кейбір еңбектері ғылыми ортада үлкен қызығушылықтар тудырды. Осы алып кеңістікте өмір сүрген халықтар ғана емес, тарихта үлкен орын алатын атақты, беделді тарихи тұлғалар туралы да жазған көптеген еңбектері бар.

Өмірінің соңына дейін қаламы қолынан түспеген Уахит Хамзаұлының артында қалған ғылыми және ғылыми көпшілік еңбектері 500-ден асады. Олардың 30-ға жуығы жеке кітаптар ретінде оқырмандарға ұсынылған. Ғалым-ұстаз Уахит Хамзаұлының қазақ халқының тарихы мен мәдениетін зерттеуде, оқу-білім

беру саласында, шәкірт тәрбилеуде атқарған еңбектері орасан зор. Қазақстанның тарихы, археологиясы мен этнологиясының дамуына қосқан үлесі үлкен деп айта аламыз. Артында қалған еңбектерін шәкірттері мен келешек ұрпақ еш уақытта ұмытпайды. Көрсеткен тәрбиесі, берген білімі мен үйреткен ғылымы шәкірттерінің жадында сақталса, жазған еңбектері халқымыздың өшпес мұрасы болып қала береді.

**Профессор У. Х. Шәлекеновтың
монографиялары, кітаптары, оқулықтары мен оқу құралдары**

1. 30 лет Каракалпакской АССР. Нукус: ККГИЗ, 1950. 130 с.
2. Совет өкіметі жылдарындағы Қаракалпакстанның социалистік мәдениеті. Нукус: ККГИЗ, 1957. 48 б.
3. Каракалпакская социалистическая культура за годы советской власти. Нукус: ККГИЗ, 1957. 48 с.
4. Быт каракалпакского крестьянства в Чимбайском районе в прошлом и настоящем // Труды Хорезмской археолого-этнографической экспедиции. Т. 3. Материалы и исследования по этнографии каракалпаков. М.: Изд-во АН СССР, 1958. С. 269–370.
5. Очерки истории культуры Советской Каракалпакии (1917–1940 гг.) Нукус: ККГИЗ, 1960. 119 с.
6. Казахи низовьев Амударьи: К истории взаимоотношений народов Каракалпакии в XVIII–XX вв. Ташкент: Фан, 1966. 335 с.
7. Этнографияның негіздерінен. Алматы: ҚазМУ, 1975. 140 б.
8. Этнография народов Средней Азии и Казахстана: программа спецкурса. Алма-Ата: КазГУ, 1979. 27 с.
9. Основы этнографии: методическая разработка. Алма-Ата: КазГУ, 1980. 47 с.
10. Этнографический очерк народов Ближнего Востока, Южной и Юго-Восточной Азии. Алма-Ата: КазГУ, 1980. 46 с.
11. Таяу Шығыс, Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Азия халықтарының этнографиялық очерктері. Алматы: ҚазМУ, 1980. 48 б.
12. Дүниежүзі этнографиясының негіздері: Шығыс және шетел Европа халықтары: оқу құралы. Алматы: ҚазМУ, 1983. 62 б.
13. Құм басқан қала. Алматы: Қазақ университеті, 1992. 119 б.
14. Әлем халықтарының этнографиясы: жоғары оқу орындарына арналған оқулық. Алматы: Қазақ университеті, 1994. 208 б.
15. Түріктердің отырықшы өркениеті. Алматы: Қазақ университеті, 2002. 202 б.
16. Әлем халықтарының этнологиясы. Екінші басылым. Алматы: Алтын Мұра, 2002. 298 б. (*М.У. Шәлекеновпен бірге*).
17. История и этнология народов Амударьи и Сырдарьи XVIII–XX вв. Алматы: Қазақ университеті, 2003. 315 с. (*в соавт. с Шәлекеновым М.У.*).
18. Ортағасырлық Баласағұн. Алматы: Қазақ университеті, 2003. 305 б.
19. V–XIII ғасырлардағы Баласағұн қаласы. Алматы: Жібек жолы, 2006. 248 б.
20. Альбом. Ортағасырлық Ақтөбе (Баласағұн). Анкара: Türk Tarih Kurumu, 2006. 160 б. (*Н.О. Алдабергеновпен бірге*).
21. Город Баласагун в VI–XIII вв. Алматы: Жібек жолы, 2009. 270 с.
22. Орталық Азиядағы арийлердің өркениеті. Алматы: Қазақ университеті, 2011. 260 б.
23. Цивилизация ариев Центральной Азии. Тараз: ТарГПИ, 2012. 220 с.
24. Шыңғысхан – моңғол және түрік этностарын біріктіруші. Алматы: Қазақ университеті, 2013. 304 б.